

«Мөлдір бұлақ» бөбекжай бақшасы.

Біртұтас тәрбие. Адал азамат.

«Ұстаздарға мың алғыс».
Мерекелік кеш.

Музыка жетекшісі: Мирзалиева .Ж.К.

Ұстаздарға мың алғыс .

Жүргізуші: Құрметті ұстаз қауым сіздерді қазан айында аталып өтетін Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз . Сіздердің бала көңілдеріңіз әр баланың жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде .

Ұстаздардан өнеге білім алып ,өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады.

Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық ,отбастарыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз . Ұстаздарға арналған салтанатты мерекемізді бастай отырып , сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Еңбектеріңізге мол табыс ,отбасыларыңызға бақыт тілейміз.

Күндеріңіз толсын гүлге желекке,

Отбасында болсын ырыс береке.

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді,

Өмір думан , бақ әкелсін мереке.

Олай болса келесі кезекті әнге берейік:

Ән:Хор «Мұғалім ол біздің»

Жарайсыңдар балалар .

Ұстаз деген ұлы сөз ұлағатты,

Ол болмаса кім береді парасатты.

Асылын беріп шәкірт бойларына ,

Ағартқан сол үшін де қара шашты.

Ұстазға әркім басын ию керек ,

Кемеңгер ақылшым деп білу керек .

Сен бүгін керемет боп кетсең дағы ,

Жеткізген сол ұстаз деп білу керек.

Жақсылар ұмытпайды ұстаздарын,

Ойлайды олар сонымен ұшталғанын.

Мәңгілікке мақтанып өтеді ұстаз

.Шәкіртінің биікке шыққандарын .

Балабақшамыздың мың бұралған биші ұлдары мен қыздарын ортаға шақырамыз.

Би: «Балалық шақ»

Рахмет балалар өркендерің өссін.

Келесі кезекті балаларымыз балабақшамыздағы апайларына арнап жаттап келген тақпақтары бар екен, қабыл алыңыздар.

Айназым:

Гүлдендірген бақшаны,

Меңгеруші апай жақсы адам.

Сондықтан да біз үшін,

Артықсыз сіз басқадан.

Майра Ануарбекқызына мың алғыс.

Маржан:

Біздің апай Алия

Маман оның әдіскер.

Бұл апайға қарасақ,

Ақылына көркі сай,

Мақтан етем әрдайым.

Аман болшы апатай

Мерейлім:

Бақшадағы күндерді,

Есімізде сақтаймыз.

Тәрбиеші Манат, Мадина,

Апайлар сіңірген еңбегізді ақтаймыз.

Ерсұлтан:

Денсаулыққа болаттай,

Аруларды жолатпай.

Жаттығуды жасатқан,

Лаура апайымызға мың алғыс.

Балалар сендерге көп рахмет.

Ән :Хор « Ойыншықтар».

Құрметті әріптестер бүгінгі мерекеге арнап сіздерге тосын сыйымызбар еді, назарларыңызды тақтаға бұрсаңыздар .

(Слайд көрсету)

Келесі кезекті бақшамыздың меңгерушісі ұрпақ тәрбиелеу жолындағы ұтымды еңбегінің жемісін көрсете білген Майра Ануарбекқызына сөз кезегін береміз.

Осымен бүгінгі ұстаздаркүніне арналған мерекелік іс шарамызаяқталды, көріп тамашалағандарыңызға көп рахмет.

